

Қазақстанның Ұлттық Банкі Facebook және Twitterде ресми аккаунттарын ашты

ҚР Ұлттық Банкі енді әлеуметтік желілерде ұсынылады. Реттеуші Facebook пен Twitterде өз беттерін тіркеді. Бұл туралы базалық мөлшерлеме жөніндегі телевизиялық БАҚ-қа арналған брифинг барысында ҚР ҰБ Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Бүгін біз өзіміздің жаңалықтарымызды шұғыл таратып отыратын, жазылушыларға Ұлттық Банктің негізгі шешімдері, реттеушінің қатысуымен жүргізілетін іс-шаралар туралы баяндап отыратын Ұлттық Банктің Facebook пен Twitterдегі ресми аккаунттарын іске қостық», - деп хабарлады Д.Ақышев.

Оның айтуы бойынша, жаңа ақпараттық саясат шеңберінде Ұлттық Банк халықпен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, қаржы нарығымен қарым-қатынас жасау құралдарын кеңейтеді. «Ұлттық Банк барлық нысаналы аудиториялармен қарым-қатынас жасауды нығайтуға күш-жігерін салады және болашақта өзінің қызметі туралы ақпарат берудің жаңа тәсілдерін белсенді түрде енгізуге ниеттеніп отыр», - деп атап өтті ҚР ҰБ басшысы.

Бүгін ҚР ҰБ өзінің Интернет-сайтында базалық пайыздық мөлшерлемені 15%-дан 13%-ға дейін төмендету туралы баспасөз релизін орналастырғанын еске саламыз. Базалық мөлшерлеме туралы келесі шешім 2016 жылғы 15 тамызда Астана уақыты бойынша 17.00-сағатта жария етілетін болады.